	Міндеті: Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту 3. Сауат ашу негіздері Міндеті: нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру. 4.Дене шынықтыру Міндеті: 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).	орындауға баулу. 4.Қазақ тілі Міндеті: шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.	қорғау, сақтау керек екендігін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу. 3.Дене шынықтыру Міндеті: Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет) 4.Қазақ тілі Міндеті: шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.	3.Көркем әдебиет Міндеті: Кейіпкердің ерекшеліктерін жеткізу үшін мәнерлілік құралдарын қолдану 4.Музыка Міндеті: Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.	әрекет Құрастыру Міндеті: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Сурет міндеті: Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. Мүсіндеу Міндеті: Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу Жапсыру Міндеті: Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын,
--	--	---	--	--	---

					пропорцияларын беру 4.Дене шынықтыру Міндеті: гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).
Тамақтану	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.				
Балалармен жеке жұмыс	«Жаңылтпашты жаңылмай айт» Міндеті: Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. Айша, Арлан Қазақ тілі	Конструктор бөлшектерінен құрастыру: «Көпір» Міндеті: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға Азалия,Дияр Шығрамашылық іс – әрекет	Қолды жазуға үйрету.Міндеті: ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру. Әлішер,Жанали Қарым – қатынас іс – әрекеті	Музыкалық –ырғақтық қимылдар. Міндеті: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Дияр,Даяна Дене шынықтыру	Би қимылдары: «Жайлауда» Міндеті: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау Ерке, Ернар Музыка
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	«Ұйқыдан оянған жәндіктер»	«Құстарға ұя жасау» Міндеті: Тәрбиешінің	Ағаштарға бақылау жасау	Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.	Шырша және қарағайды салыстыра бақылау.

Міндеті Көктем мезгілінде бүкіл табиғат оянады, өзгереді. Табиғатпен бірге әр түрлі жәндіктер де оянады. Балаларды киіндіріп серуенге шығару. Балабақша ауласында тірілген жәндіктерге бақылау жасату. Соның ішінде шыбын, құрт-құмырсқа, қоңыздарға бақылау жасату. Көктемнің құбылыстарымен таныстыру. Көктем шықты. Көктем шығып, қар еріп, Жадырайды қыр басы. Ақ қайыңдар бүр жарып, Жарасады сырғасы. Еңбек әрекеті «Ойын алаңын тазарту» Міндеті: Балаларға тәрбиешінің	көмегімен құстарға ұя жасап ілу. Құстарға жем беру, күтіп-баптауға үйрету. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Бүгінгі ауа-райын бақылату. Айналадағы өзгерістерге назар аудару. Қамқорлық. Міндеті: Балаларды құстарға қамқорлық жасауға үйрету. Құстар келді. Құстар менің достарым, Құспен қызық аспаным. Ұйшік жасай білемін. Ағаштарға ілемін. Еңбек әрекеті Ойын алаңын тазалау. Міндеті: Балалаға тәрбиешінің көмегімен ойын	Міндеті: Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру(аққайыңның бұтағы жіңішке, иілгіш, қабығы қоңыр-қызыл, бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан; терек бұтағы аққайыңға қарағанда жуан, қабығы сұрғылт-жасыл, бүрі ірі, ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі) Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу. Қимылды ойын	Міндеті: Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту. Күн қыза бастады, қар ереді, топырақ жылынды, көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету. Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету Қимылды ойын «Көк шөптегі хоккей» Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту, қақпаға соғу, бір орында тұрып кіргізу. Ойында достық көмекке келуді үйрету. Еңбек іс-әрекеті Ауладағы қураған шөпті жинау Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп	Міндеті: Балалармен қарағайды қарау. Ағашты тауып атай білу. Қарағай мен шыршаны салыстыру; Ұқсастығы мен айырмашылығы. Ағаш биік, діңгегі тік, тегіс, қабығы сұр, қатпарлы. Ол ағаштың ішкі бөлігінің кеуіп кетуінен, зиянкестерден, әр түрлі зақымданудан сақтайды. Қабығы өсу барысында пайда болады. Ерте көктемде 2-3 күнде қарағайдың жіңішке бұтақтарында көк-жасыл түсті қылқан шоқтары пайда болады. Олардың арасында қызғылт немесе жасыл бүршіктер және сары масақтар көрінеді. Көктемгі табиғаттың сұлулығын ұғына білу біліктілігін арттыру. «Бүршіктен атта» Бұйрықты орындау біліктіліктерін пысықтау-бүршіктен аттау, жүгіру (оң және сол жақпен), жүру-тоқтамау, кідіріссіз. Шыдамдылықтарын дамыту. Еңбек іс-әрекеті Қылқан жапырақты ағаштарды күту (қажетті жағдайда) балаларды
---	---	---	---	---

	көмегімен ойын алаңын тазарту. Шашылған қоқыстарды жинап, қоқыс жәшігіне салу. Сынған ағаштардың бұтақтарын жинау. Еңбектің нәтижесін көрсету. Қимыл-қозғалысты ойын: «Паравоз», «Көлбең – көлбең көлеңке» Міндеті:Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын ережесін бұзбай дұрыс ойнай білуге үйрету. Көңіл-күйлерін көтеру. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, , зерттеу іс – әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру	алаңын тазалауға үйрету. Үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету. Еңбектің нәтижесін көрсету. Д\О «Бұл қай құс?» Міндеті: Балаладың ойлау қабілеттерін арттыру. Тілдік қорларын дамыту, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстардың тіршіліктерімен таныстыру, құстардың дыбыстауын үйрету. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, , зерттеу іс – әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру	«Ағаштан ағашқа» Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту.(кімде-кім аз секірсе сол,жеңімпаз)ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыу Еңбек іс-әрекеті Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. Еңбек нәтижесін көру,топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп,келесі бақылауды ұйымдастыру. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Біздің үй қайсы,тап?» Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету.	жұмыс атқарып,ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптамалар Тапсырма. Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу. Балаларды табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету. Сөздік-логикалық ойын дамыту,қойылған сұраққа жауап таба білуге дағдыландыру. Өзіндік іс-әрекет Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету.Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, , зерттеу іс – әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру	діңгектің айналасын қопсытуға, қылқандарын жинауға қатыстыру.Еңбек құралдарына ұқыпты қарауды,іскерлік мәдениетті тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар.Тәжірибе мен сараптама. «Бұтағына қарай ағашты табу» Бөліктерден бүтін құрау. Бұтақтарға қарап ағашты атауды үйрету. Өз бетімен іс-әрекет Ойынды ұйымдастыру барысында (қажетті жағдайда және оның барысында)балалардың қарым-қатынастарының өнегелі болуын, өз рөлдерінің орнын білуін,бір-біріне достық сезіммен қарауын, қиын жағдайда бір-біріне көмектесе алуын, қайырымдылық қасиеттерін көрсете білуіне көмектесу. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, , зерттеу іс – әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру
--	---	---	--	--	---

			Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп, ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, , зерттеу іс – әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру		
Серуеннен оралу	Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.				
	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі	Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету. Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс – әрекеті, танымдық іс-әрекет
Балалардың дербес іс-әрекеті	Би қимылдарын жасау. Міндеті: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би	Д/ойын: «Қандай пішін шықты?» Міндеті: Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау	Д/ойын: «Дыбыстың орнын анықта» Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі	Ұлттық ойын: «Асық ату» Міндеті: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар	«Ақ көжектің достары» ертегісін сомдау Міндеті: Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу,

	қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Музыка	керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыруды бекіту. Танымдық іс – әрекет	дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Қарым – қатынас іс – әрекеті	мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Дене шынықтыру	шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. Қазақ тілі
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Бастауыш сыныбының ӘБ жетекшісі: _____ Сапарбек Н.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бұланды ауылының ЖОББМ» КММ

Өтпелі тақырып Бірлік және ынтымақ

Міндетті Командада жұмыс істей білу

Топ:Мектепалды “А” сыныбы

Балалардың жасы 5 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі 28.04-2 мамыр 2025 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 28.04	Сейсенбі 29.04	Сәрсенбі 30.04	Бейсенбі 01.05	Жұма 02.05
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау Музыка тыңдау.Міндеті: Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. Музыка	Балаларды қабылдау Қимылды ойын: «Тасбақа» Міндеті: Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу Дене шынықтыру	Балаларды қабылдау Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: «Қайық» Міндеті: Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық заттардан құрастыруға баулу Шығармашылық іс – әрекет		Балаларды қабылдау «Батырларды білесің бе?» әңгіме жүргізу Міндеті: Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтің ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу. Танымдық іс – әрекет
«Өнегелі 15 минут» Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Өнегелі 15 минут»	«Өнегелі 15 минут» Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	«Өнегелі 15 минут» Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту	.	«Өнегелі 15 минут» Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Д/ойын: «Ұяшыққа орналастыр» Міндеті: жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне	Қолды жазуға үйрету. Міндеті: Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты	Конструктор бөлшектерінен құрастыру: «Қуыршаққа жиһаз жасаймыз» Міндеті:		Д/ойын: «Музыкалық жұмбақтар» Міндеті: балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке,

кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	қатынасы негізінде салыстыруды, «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін бекіту. Танымдық іс – әрекет	қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Қарым – қатынас іс –әрекеті	Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу Шығармашылық іс – әрекет		дербестікке баулу. Музыка
Сөздік қор (минимум)	Тыңайтқыш	Торф	Тозаң	Соқпақ	
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Арқаға арналған жаттығулар. Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр), аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. (Дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).				
	Шығармашылық жұмыс: «Қандай оқиға» Міндеті: Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес	Д/ойын: «Ажыратып айт» Міндеті: Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажыратуды бекіту. Танымдық іс – әрекет	Д/ойын: «Естігеніңді қайтала» Міндеті: Ана тіліндегі дауысты жіне айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п ,г-ғ, к -қ, ж-ш, з- с, н -ң, р -л дыбыстарды дұрыс , анық айтуды үйрету. Қарым – қатынас іс –		Қимылды ойындар. Міндеті: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Дене шынықтыру

	бейнелерді құрастыру Шығармашылық іс – әрекет		әрекеті		
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сауат ашу негіздері Міндеті: алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру. 2.Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.	1.Математика негіздері Міндеті: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру 2.Көркем әдебиет Міндеті: Кейіпкердің ерекшеліктерін жеткізу үшін мәнерлілік құралдарын қолдану;	.Сөйлеуді дамыту Міндеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы дыбысталуы ұқсас дауыссыз н -ң, р -л дыбыстарды дұрыс , анық айтуды үйрету 2. Математика негіздері Міндеті: Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.		Сауат ашу негіздері Міндеті: Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап жазу 2.Математика негіздері Міндеті: Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыру, шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыруды бекіту.
Үзіліс «Күй күмбірі»	Омпы Асық ойынының бір түрін «Омпы» деп атайды. Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. Бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада жазық алаңда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты - асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпы» тұрғызады.	Ханталапай Бұл отырып ойналатын ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт. Бір-бірден асық иіріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан	Бес тас «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды.		Алтыатар ойыны Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған) баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (судан

	Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша, қолдарындағы сақаларымен «омпыны» ата бастайды. Егер кімде-кім омбаға тигізсе және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпыға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқан асығын ғана алады. Асық таусылған сайын, көнге асық қайтадан тігіліп отырылады. Ойын жалғаса береді. 3. Сөйлеуді дамыту Міндеті: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; 4.Дене шынықтыру Міндеті: Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.	кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады. Хан алшы түспеген жағдайда иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкесі мен тәйкесін бір-біріне соғып, бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100, 40) ойын жүргізуші алдын-ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады. Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орнынан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан. 3.Музыка Міндеті: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын	Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар 3.Көркем әдебиет Міндеті: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру 4.Музыка Міндеті: Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік		шығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі 3.Шығармашылық іс – әрекет Құрастыру Міндеті: құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату Сурет Міндеті: Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Мүсіндеу Міндеті: Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жапсыру Міндеті: Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі
--	---	--	--	--	---

		білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. 4.Қазақ тілі Міндеті: Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.	үлгілерін тыңдауға баулу.		оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. 4.Дене шынықтыру Міндеті: белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 м) жүгіру
Тамақтану	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру				
Балалармен жеке жұмыс	Шығармашылық жұмыс: «Көгалдағы әдемі гүлдер» Міндеті: Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Азалия,Диар Шығармашылық іс – әрекет	Д/ойын: «Қарама – қарсы сөздер» міндеті: Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Айша, Ернар Қарым – қатынас іс – әрекеті	Қимылды ойындар. Міндеті: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Әлішер,Диар Дене шынықтыру		«Жаңа ертегі» мазмұндау Міндеті: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталау. Жанали,Адлет Қазақ тілі
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.		. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру

Серуен	Итті бақылау Міндеті: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру; — жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту. Көркем сөз «КҮШІГІМ» А. Меңдібай Кіп-кішкентай күшігім, Сүйкімдісін өзінің. Еркелейді ойнақтап, Жылтырын-ай көзінің. Оратылып аяққа, Бір сәт тыным таппайды. Кел, достарым, жасқанба, Күшігім менің қаппайды Тәрбиеші сұрақтары. Бұл күшік сендерге ұнай ма? Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар? Күшіктің көңіл-күйі қандай? Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар? Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді? Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін еш уақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін	Топырақты бақылау Міндеті: торф топырағының қыртысымен таныстыру . Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. Зерттеу жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. Еңбек Ағаш түптері мен атызға торф тасу. Міндеті: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Міндеті: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету,	Ауа райын бақылау Міндеті:Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Көркем сөз. А.Меңдібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді. Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрінісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген? (көктем). Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр) Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылығандықтан) Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз?		Жәндіктерді бақылау Міндеті: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: - Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) - Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) - Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б) Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) Жәндіктер қайда тіршілік етеді?
----------------------	---	--	---	--	--

	ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн. Еңбек: Жер қазу жұмыстарына қатысу. Міндеті: - ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау; - еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру. Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан». Міндеті: — белгі бойынша әрекет етуге баулу; — жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Міндеті: секіру техникасын меңгерту (жіппен секіруге жаттықтыру) Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, , зерттеу іс – әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру	ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Міндеті: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, , зерттеу іс – әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру	(ерте көктем) Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көрінісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? Жаңбыр қандай температурада жауады? Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. Міндеті: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру. Қимылды ойын «Үшінші артық». Міндеті: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген		(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.) Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа). Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. Міндеті: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Міндеті: кеңістікте жүгіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Міндеті: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, , зерттеу іс – әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру
--	--	--	---	--	--

			қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Міндеті: — Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; — Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, , зерттеу іс – әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру		
Серуеннен оралу	Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.				
	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті,қазақ тілі	Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті		Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс – әрекеті, танымдық іс-әрекет
Балалардың дербес іс-әрекеті	Д/ойын: «Сана да айт» Міндеті: Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.	Тіл ұстарту жаттығуы.Міндеті: Артикуляциялық жаттығулар жасау.Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану:	Музыкалық –ырғақтық қимылдар жасау. Міндеті:Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.Қимылдардың		Д/ойын: «Бұл қандай мереке?» Міндеті: Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, отбасылық мерекелер, басқосулар, тойлар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Қазақ тілі

	Танымдық іс – әрекет	дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Қарым – қатынас іс – әрекеті	ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру Дене шынықтыру		
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Бастауыш сыныбының ӘБ жетекшісі: _____Сапарбек Н.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
 Білім беру ұйымы: Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бұланды ауылының ЖОББМ» КММ
 Топ:Мектепалды “А” сыныбы
 Балалардың жасы 5 жастағы
 Жоспардың құрылу кезеңі 05-08 мамыр 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 05.05	Сейсенбі 06.05	Сәрсенбі 07.05	Бейсенбі 08.05	Жұма 09.05
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау Ұлттық ойындар: «Теңге алу»	Балаларды қабылдау Балалармен әңгімелесу		Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не	

	Міндеті: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Дене шынықтыру	Көктем мезгілінде қандай құбылыстар болатынын балалардан сұрау. Д/ойын: «Сөзге сөз қос» Міндеті: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру Қарым – қатынас іс – әрекеті		қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту Ән айту: «Жаңбыр жауды көлеңке» Міндеті: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыка	
«Өнегелі 15 минут»	«Өнегелі 15 минут»	«Өнегелі 15 минут»		«Өнегелі 15 минут»	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.		Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»	
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Қағаздан жапсыру: «Әдемі көбелек» Міндеті: Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру Шығармашылық іс – әрекет	Қимылды ойын: «Допты қуала» Міндеті: Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. Дене шынықтыру		«Қасқыр мен түлкі» ертегісін сомдау Міндеті: Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. Қазақ тілі	
Сөздік қор (минимум)	Дауыл	Тұтас		Үрпиіп	
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу,				

	қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар.Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар.Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Арқаға арналған жаттығулар.Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр), аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. (Дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).				
	Қимылды ойын: «Добым,добым домала» Міндеті: Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) жүргізу. Дене шынықтыру	Д/ойын: «Қателесіп қалма» Міндеті: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Қарым – қатынас іс – әрекеті		Ән айту: «Әжемнің шәйі» Міндеті: Өртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыка	
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сауат ашу негіздері Міндеті: саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. 2.Сөйлеуді дамыту Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау	Сауат ашу негіздері Міндеті: Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап жазу 2.Математика негіздері Міндеті: жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру,		1.Сауат ашу негіздері Міндеті: Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап жазу 2.Математика негіздері	

Үзіліс «Күй күмбірі»	сипатындағы әңгімелерді құрастыру.	бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату		Міндеті: жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру	
	Қуыр-қуыр қуырмаш Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға: Ортаңғы саусағымды тапшы, - дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, - деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек. Бас бармақтан бастап шынашаққа дейін, саусақтардың атын түгел атап береді: бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 саусақты түгел жазады. Сен тұр қойыңа бар. Сен тұр түйеңе бар Сен тұр жылқыңа бар Сен тұр сиырыңа бар Сен кішкентай әлі жас екенсің Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.	Аударыспақ «Аударыспақ» – өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бірбіріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге		Теңге ілу Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 2030 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға ононнан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған	

	Енді осы шынашақтың өзін алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да: Қуыр-қуыр, қуырмаш Балапанға бидай шаш Әжең келсе есік аш Қасқыр келсе мықтап бас Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыдан соң: Мына жерде қой бар Мына жерде жылқы бар Мына жерде түлкі бар - деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп, ең соңында мына жерде күлкі бар – деп қытықтайды. 3.Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну 4.Дене шынықтыру Міндеті: Самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше самокат тебу. Оңға және солға бұрылу.	болмайды. Онда ойын шарты бұзылады. Ойын алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төселуі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады. 3.Дене шынықтыру Міндеті: Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу. 4.Қазақ тілі Міндеті: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарыальбомдармен жабдықталған орта құру.		теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. Көтермек Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. 3.Шығармашылық іс – әрекет Құрастыру Міндеті: Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. Сурет Міндеті: Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.	
--	--	--	--	--	--

				Мүсіндеу Міндеті: Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау Жапсыру Міндеті: Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру 4.Дене шынықтыру Міндеті: Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу.	
--	--	--	--	--	--

Тамақтану	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.				
Балалармен жеке жұмыс	Қимылды ойын: «Арба» Міндеті: 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Айсезім, Ернар Дене шынықтыру	Сюжетті суретпен жұмыс.Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Диар, Мәриям Қарым – қатынас іс – әрекеті		«Кішкентай ханзада» шығармасын сомдау.Міндеті: Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. Адлет, Айша Қазақ тілі	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	.	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты).Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.	
Серуен	Көктемгі алғашқы шөптері бақылау Міндеті: Балаларды	Желге бақылау жасау.Міндеті:		Күнді бақылау Міндеті: Көктем мезгіліндегі	

өсімдіктерге қамқорлықпен қарауға және олардың ерекшеліктерін білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен бірге алғашқы шөпті бақылайды. Күн қыздырған жерде алғашқы көк шөп шыға бастайды. Мынадай қорытынды шығады: Күн қыздырған жерде қар еріді, топырақ қызды шөп өсе бастады.

Болжам:

Көп қар – көп нан,
Көп су-көп шөп.

Нақыл сөздер: нөсер алдында
найзағай ойнайды.

Жұмбақ:

Бізге жаңбырда, аязда көмектеседі,
Өзі жасыл әрі жақсы,
Әрқашан барлық қолын созар
Және барлық құшағын (тал)
Қозғалмалы ойындар: «шөптегі
хоккей»

Міндеті: Балаларды ептілікке,
мергендікке, жылдамдыққа
тәрбиелеу.

Ойын жүрісі: Допты қақпаға
көздеп кіргізу.

Алаңдағы еңбек әрекеті: Қар
астында қалып қойған, шөптерді
жинау.

Қарым-қатынас іс-әрекеті,
танымдық іс-әрекет, , зерттеу іс –
әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене

Көктемгі жел құбылмалы.
Егер солтүстіктен соқса
өткір және суық болады.
Мұндай желді көктемгі
дауыл әкеледі, ағаштарды
сықырлатып шайқалтады,
терезеге соқтырады.
Оңтүстік жел жылы леппен
және ауа райын өзгертіп,
жаңбыр жаудырады.
Балалардың көктем
мезгіліндегі құбылыстар
жайында білімдерін
кеңейту, желдің аспандағы
бұлттарға олардың
қозғалысына әсерін
тигізетінін айту.

Көркем сөз

Жұмбақ

Мақал-мәтел

Келсе де әні құлаққа,
Көшерімді жел білсін
Өзін ешкім көрмейді
Қонарымды сай білсін
Жусан, қамыс, құраққа
Тіптен маза бермейді.

Болжам

Наурыз айының жылы желі-
жаздың жылы, жаңбырлы
болуына әкеледі.

Тақпақ

Желдет, желдет!
Жеті қара дауылдат!

күндегі белсенді
өзгерістерді көруге үйрету.
Балаларға күннің адам
өмірі үшін, өсімдіктер
үшін, жануарлар үшін,
қажеттілігін әңгімелеу.
(Күн жоғарлаған сайын,
күн шуақтары көп жылу
шашады)

Болжам:

Күн болғанда жылу
болады, анаң болғанда
мейірім болады.

Мақал- мәтелдер:

Жел дауылды шақырады,
бұлт жауынды шақырады.

Жұмбақ:

Қос қанатын иіп ап,
Жарға келіп қонады.
Қара киім киіп ап,
Балшықтан үй соғады.
(Қарға)

Қимыл-қозғалыс

ойыны: «Күн мен түн».

Міндеті: Балаларды күн
мен түнді ажырата білуге
үйрету.

Алаңдағы еңбек: Алаңды
қоқыстан тазарту.

Қарым-қатынас іс-
әрекеті, танымдық іс-
әрекет, , зерттеу іс –
әрекеті, еңбек іс-әрекеті,

	шынықтыру Өрісін құлат,баласын жылат Тайтерісін қалтырат Науа- астауын жалтырат! Қимылды ойын «Қақпақ пен таяқ». Еңбек іс-әрекеті Қажеттілік бойынша жұмыс Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды,өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Жақсы,жаман» Табиғатта болып жатқан құбылыстардың жақсы және қарама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету. Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір-бірімен байланысын;ойлау қабілетін,сөздік қорын дамыту.(Балаларға желдің әсерінен болған жағымды-жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну). Тапсырма. «Бұлттардың қозғалысына байланысты		дене шынықтыру	
--	--	--	------------------------------	--

		жел күшін анықтау». Өзіндік іс-әрекет Көңілді тыныш сәтті қолдауды қарастырып, өзіндік жұмысты мадақтау Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, , зерттеу іс – әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру			
Серуеннен оралу	Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.				
